

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректор өкілі

Ж.Томар


« 17 » 06 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректоры

Ж.Темірбекова

« 17 » 06 2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-088-2022


ЖОҒАРЫ БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША МАГИСТРАТУРА, РЕЗИДЕНТУРА, ДОКТОРАНТУРАҒА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Қабылдау комиссиясы тарапынан ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген: – Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
Е.Төлегенов
3. Келісілді: – Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа
орталығының басшысы Ж.Дарибаев
Заң бөлімінің басшысы Ф.Мұсаханов
4. Енгізілді – 2022ж.
5. Тексеру мерзімі – 2024 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан, 2022



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 2-ші беті

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4	Жауапкершілік	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Магистратураға қабылдау тәртібі	5
7	Резидентураға қабылдау және түсу емтиханын өткізу тәртібі	8
8	Докторантураға қабылдау және түсу емтиханын өткізу тәртібі	9
	8.1 Докторантураға қабылдау тәртібі	9
	8.2 Түсу емтиханын өткізу тәртібі	13
	8.3 Шетелдік азаматтарды докторантура бағдарламасына қабылдау.....	14
9	Апелляция өткізу тәртібі	15
10	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау	15
11	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау	17
12	Ережеде қарастырылмаған мәселелерді шешу	17
13	Өзгерістерді енгізу тәртібі	17
14	Келісу, сақтау және тарату	17
	Қосымша 1 Танысу парағы	19
	Қосымша 2 Өзгерістерді тіркеу парағы	20

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 3-ші беті

1. Қолданылу саласы

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне (одан әрі, Ахмет Ясауи университеті) жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларына (магистратура, резидентура, докторантура) оқуға қабылдау тәртібіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Университеттің ережесі (бұдан әрі – УЕ) магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламаларын даярлауда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3 Ереже магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламаларына қабылдаудың сапасын бағалауда негіз болып табылады.

1.4 УЕ-ХҚТУ-088-2022 Ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Университет ережесін даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалынды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда ҚР 04.07.2018 № 171-VI);
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, ҚР БҒМ 06.05.2021, 24.05.21 жылғы №, 207, 241 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықтары;
- «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығы, ҚР БҒМ 25.02.2021 жылғы №78 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы;
- «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы 2008 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 58 Қаулысы (Жаңа редакцияда 21.04.2021 жылғы ҚР Үкіметінің № 256 Қаулысы);
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы (Классификатор)» ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы, ҚР БҒМ 05.06.2020 жылғы №, 234 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы;
- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, ҚР БҒМ 05.05.2020 жылғы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы;
- «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21-ақпандағы № ҚР ДСМ-12/2020 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2021
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 4-ші беті

- «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығы, ҚР БҒМ 29.10.2020 жылғы №465 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері;
- Қабылдау комиссиясының шешімдері;
- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжаттаманы басқару.

3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қолданылатын қысқартулар:

Университет	- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
ҚР ДСМ	- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.
ЖЖОКБҰ	- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары.
ҰТО	- Ұлттық тестілеу орталығы.
УЕ	- Университет ережесі.
СМЖ	- Сапа менеджменті жүйесі.
СМЖҚ	- Сапа менеджмент жүйесінің құжаты.
НҚА	- Нормативтік құқықтық актілер.
СРСО	- Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы.
БББ	- Білім беру бағдарламасы.
ҚК	- Қабылдау комиссиясы.
КТ	- Кешенді тестілеу.
ҰТЕО	- Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы.

4. Жауапкершілік

4.1 УЕ университет Сенаты мәжілісінде талқыланып, университет ректоры – Сенат мәжілісінің төрайымы тарапынан бекітіледі.

4.2 УЕ талаптарының енгізілуіне Қабылдау комиссиясы (бұдан әрі - ҚК) жауапты болып табылады.

4.3 УЕ оқуға қабылдауда қойылатын талаптарының орындалуын қадағалау академиялық мәселелер вице-ректорына жүктеледі.

4.4 Осы ереже «ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжаттаманы басқаруға» сәйкес басқару жауапкершілігі СДРСО басшысына жүктеледі.

5. Жалпы ережелер

5.1. Магистратураға, докторантураға, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша және резидентураға қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.2. Магистратураға, докторантураға және резидентураға шетел азаматтарын қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

5.3. Шетел азаматтарын магистратура, резидентура, докторантура бағдарламаларына ақылы негізде қабылдау, қабылдау комиссиясы өткізетін түсу емтихан нәтижесі бойынша

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 5-ші беті

жүзеге асырылады. Түсу емтиханы қабылдау комиссиясының бекіткен емтихан бағдарламасы негізінде қабылданады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 10 (он) күн қалғанға дейін жүргізіледі.

5.4. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

5.5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

5.6. Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

5.7. Денсаулық сақтау саласыны бойынша докторантураға қабылдау екі кезеңмен жүргізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары.

5.8. Денсаулық сақтау саласы бойынша докторантураға түсушілерді алдын-ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін, күнтізбелік жылғы 1 ақпаннан 15 сәуірге дейін жүргізіледі.

5.9. Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша білім алу үшін алдын-ала іріктеу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары және ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

5.10. Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін өткізілген алдын ала іріктеудің нәтижелері түсу емтиханын тапсыруға рұқсат беру немесе рұқсат бермеу болып табылады.

5.11. Денсаулық сақтау саласы бойынша резидентура және докторантура білім беру бағдарламаларына түсу емтихан сұрақтарын дайындауға мамандық шығарушы кафедралар жауапты. Кафедра жазбаша, ауызша емтихан сұрақтары қабылдау комиссиясына, тест сұрақтарын «Өлшеу және бағалау» секторына белгіленген мерзімге өткізеді.

5.12. Магистратураға мен докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

1) күнтізбелік жылдың 15 тамыздан 28 тамызына дейін;

2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

Резидентураға қабылдау – күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін.

6. Магистратураға қабылдау тәртібі

6.1. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

6.2. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды, қабылдау комиссиялары және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 15 шілдесі және 1 қарашадан 18 қараша аралығында жүргізеді. Магистратураға КТ күнтізбелік жылдың 20 шілдесі мен 10 тамыз және 19 қарашадан 11 желтоқсан аралығында өткізіледі.

6.3. Магистратураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25-28 тамыз аралығында университеттің қабылдау комиссиясына немесе www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы құжаттар тізбесін ұсынады (жеке өтініш жасаған кезде немесе портал арқылы өтініш жасаған кезде).

Магистратураға түсуші тұлғалар мынадай қажетті құжаттар тізбесін тапсырады:
университетке өтініш жасаған кезде:

1) университет басшысының атына еркін түрде өтінішті;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 6-ші беті

- 2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;
- 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама;
- 6) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) (бар болған жағдайда):
ағылшын тілі: (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 6.0;
(TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 60;
неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau C1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво C1) (DSH, Niveau C1) (ДЙСИЭИЧ, ниво C1) – C1 деңгейі; TestDaF-Prüfung Niveau C1 (тестдаф-прюфун ниво C1) (TDF Niveau C1) (ТЙДИЭФ, ниво C1) – C1 деңгейі;
француз тілі: Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес; Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес; Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - C1 деңгейі;
Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ), шекті балл кемінде – B2 деңгейінен төмен емес;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

портал арқылы өтініш жасаған кезде:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
- 2) жоғары білім туралы электрондық құжат (магистратураға түсу үшін);
- 3) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат:
ағылшын тілі: (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 6.0; (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 60;
неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau C1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво C1) (DSH, Niveau C1) (ДЙСИЭИЧ, ниво C1) – C1 деңгейі; TestDaF-Prüfung Niveau C1 (тестдаф-прюфун ниво C1) (TDF Niveau C1) (ТЙДИЭФ, ниво C1) – C1 деңгейі;
француз тілі: Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;
Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес; Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - C1 деңгейі; Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) - B2 деңгейінен төмен емес;
- 4) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- 5) көлемі 3x4 сантиметр сандық фото;
- 6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;
- 7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

6.4. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 7-ші беті

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

6.5. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

6.6. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.7. КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – ҚР БҒМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

6.8. КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

6.9. КТ-ны тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

6.10. КТ емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

6.11. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Үлгілік қағиданың 2-қосымшасына сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады.

6.12. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Үлгілік қағиданың 3-қосымшасы сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен өз қалауымен босатылады.

6.13. «Бизнес және басқару» мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Graduate Management Admission Test (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда Үлгілік қағиданың 4-қосымшасына сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

6.14. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ға қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 8-ші беті

түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

6.15. Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығының 1-2-қосымшасына сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады:

6.16. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

6.17. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің «Шет тілі» (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

6.18. Шетел азаматтарын магистратураға қабылдау ақылы негізде қабылдау комиссиясының тестілеу емтиханы нәтижесімен қабылданады. Тестілеу емтиханы қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен емтихан бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 10 (он) күн қалғанға дейін жүзеге асырылады.

6.19. Магистратура бағдарламасына түсуші шетелдік азаматтар төменде көрсетілген құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырады:

- 1) университет басшысының атына еркін түрде өтінішті;
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) паспорт көшірмесі;
- 4) 3x4 сантиметр өлшемдегі алты фотосурет;
- 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 6) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (бар болған жағдайда);
- 7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

7. Резидентураға қабылдау және түсу емтиханын өткізу тәртібі

7.1. Резидентураға жоғары білімнің және интернатураның білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

7.2. Резидентураға түсуші тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

7.3. Білім беру ұйымдарының резидентурасына қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады, оның рәсімін білім беру ұйымдары бекітеді және дербес жүргізеді.

7.4. Білім беру ұйымының резидентурасына түсушілердің өтініштерін қабылауды білім беру ұйымының қабылдау комиссиялары және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 3-25 шілдесі аралығында жүргізеді.

Қабылдау – күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 9-ші беті

7.5. Білім беру ұйымдары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы 43-1-бабының 2-тармағы б) тармақшасына сәйкес қабылдау тәртібін, нысанын, емтихан өткізу бағдарламасын және (немесе) даярлық мамандықтарының ерекшеліктерін ескере отырып, оқуға түсушілер үшін 75 балдан төмен емес өту балын айқындайды.

7.6. Резидентураға «дәрігер» біліктілігін көрсететін құжаты бар тұлғалар қабылданады.

7.7. Резидентураға түсуші тұлғалар білім беру ұйымдарына және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) университет басшысының атына еркін түрде өтінішті;
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) 3x4 сантиметр өлшемдегі алты фотосурет;
- 6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық тізбесін ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

7.8. Резидентураға түсуші тұлғалар мамандық бейіні бойынша түсу емтиханын тапсырады. Резидентураға түсу емтихандары 8-16 тамыз аралығында өткізіледі.

7.9. Резидентура мамандығының бейіні бойынша түсу емтиханын жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары дербес жүргізеді. Оқуға түсуші оқуға түсетін білім беру ұйымдарында мамандығы бойынша түсу емтиханын тапсырады. Түсу емтиханы қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен емтихан бағдарламаларына сәйкес қабылданады.

7.10. Резидентураға түсу емтиханы үшін ең жоғары балл – 100 балл. Түсу емтиханының 100 балы интернатурада оқу кезеңі үшін GPA балының 40%-ы, тестілеу емтиханының 60%-ын құрайды. Тестілеу емтиханы алдыңғы білім беру бағдарламасының көлемінде өткізіледі.

Тест ҚР МСЕ-2019 бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша оқу материалын қамтиды.

Тест сұрақтарының саны – 100. Тестілеуді тапсыру уақыты 150 минутты құрайды.

7.11. Резидентураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде білім беру ұйымдарында мамандықтар бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

7.12. Түсу емтихандарының нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

7.13. Шетелдік азаматтарды ақылы негізде білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде білім беру ұйымының қабылдау комиссиялары өткізетін түсу емтиханы нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Резидентураға түсу емтиханы үшін ең жоғары балл – 100 балл. Түсу емтиханының 100 балы интернатурада оқу кезеңі үшін GPA балының 40%-ы, тестілеу емтиханының 60%-ын құрайды.

Тестілеу емтиханы алдыңғы білім беру бағдарламасының көлемінде өткізіледі.

Тест ҚР МСЕ-2019 бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша оқу материалын қамтиды.

Тест сұрақтарының саны – 100. Тестілеуді тапсыру уақыты 150 минутты құрайды.

Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 10 (он) күн қалғанға дейін жүзеге асырылады.

7.14. Резидентура бағдарламасына түсуші шетелдік азаматтар төменде көрсетілген құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырады:

- 1) университет басшысының атына еркін түрде өтінішті;
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) паспорт көшірмесі;
- 5) 3x4 сантиметр өлшемдегі алты фотосурет;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 10-ші беті

- 6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 7) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (бар болған жағдайда);
- 8) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);
- 9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

8. Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу тәртібі

8.1 Докторантураға қабылдау тәртібі

8.1.1 Докторантураға магистр дәрежесі және кемінде 9 ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар қабылданады.

8.1.2. Докторантураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

8.1.3. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындыққа тест тапсырудан, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханан және сұхбаттасудан тұрады.

8.1.4. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша докторантураға түсу алдына ала іріктеуден, эссе жазудан және бейіні бойынша жазбаша емтиханнан тұрады.

8.1.5. Түсу емтихандарын өткізу және докторантураға қабылдау кезеңінде ЖЖОКБҰ-да түсу емтихандарын қабылдау және апелляциялық комиссиялар құрылады.

8.1.6. Емтихан комиссиялары даярлау бағыттарына сәйкес келетін мамандықтар бойынша (ғылым кандидаты, докторы) ғылыми дәрежесі немесе PhD докторы дәрежесі бар жоғары білікті қызметкерлер қатарынан құрылады.

8.1.7. Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау күнтізбелік жылдың 3 шілдесі мен 3 тамыз, 25 қазан мен 10 қараша аралығында, білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4 тамызы мен 20 тамызы, 19 қараша 11 желтоқсан аралығында жүргізіледі.

8.1.8. Докторантураға түсуші тұлғалар 3 шілде мен 3 тамыз, 25 қазан мен 10 қараша аралығында өңірлік тестілеу орталықтарында білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын тапсыру үшін Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) сайтында тіркеледі.

8.1.9. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша түсушілер өздерінің түсуге ниет білдірген жоғары оқу орындарының базасында түсу емтихандарын тапсырады.

8.1.10. Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

- 1) университет басшысының атына еркін түрде өтінішті;
- 2) білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) ҰТО берген мемлекеттік тілде тапсырған емтихан сертификаты (КАЗТЕСТ);
- 5) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс)

ағылшын тілі: IELTS Academic шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT шекті балл кемінде – 46;

TOEFL ITP шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейінен төмен емес), TestDaF-Pruefung (Niveau B2/B2 деңгейінен төмен емес);

француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2 деңгейінен төмен емес, DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) – B2 деңгейінен төмен емес, TCF (Test de connaissance du francais) – B2 деңгейінен төмен емес;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 11-ші беті

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. «Өтті» деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

6) №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/e нысаны бойынша медициналық анықтама;

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе.

10) алдын ала іріктеу нәтижелері (Денсаулық сақтау саласы бойынша).

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

портал арқылы өтініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми Консультантпен келісілген Жоспарланған диссертациялық зерттеу негіздемесінің электрондық құжаты;

3) білімі туралы электрондық құжат;

4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ)

5) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат ағылшын тілі: IELTS Academic шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT шекті балл кемінде – 46;

TOEFL ITP шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2 деңгейінен төмен емес), TestDaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейінен төмен емес);

француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2 деңгейінен төмен емес,

DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) – B2 деңгейінен төмен емес, TCF (Test de connaissance du francais) – B2 деңгейінен төмен емес;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. «Өтті» деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

6) көлемі 3x4 сантиметр сандық фото;

7) № 907 бұйрығымен бекітілген 075/e нысанындағы электрондық форматта медициналық анықтама;

8) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

8.1.11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 12-ші беті

8.1.12. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

8.1.13. Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

8.1.14. Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

8.1.15. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

8.1.16. Құжаттарды қабылдағаннан кейін ЖЖОКБҰ басшысы көрсетілетін қызметті алушыны ЖЖОКБҰ докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

8.1.17. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау ЖЖОКБҰ-да жүргізіледі.

8.1.18. Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

8.1.19. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы және жарамдылық мерзімі қабылдау комиссиясымен тексеріледі.

8.1.20. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

8.1.21. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және Үлгілік қағиданың 6-қосымшасына сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан және докторантураға оқуға дайындығын анықтауға арналған тест жазудан босатылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 13-ші беті

8.2 Түсу емтиханын өткізу тәртібі

8.2.1. Түсу емтиханын тапсыру үшін тіркелу 1 (бір) рет рұқсат етіледі; ҰТО сайтында қайта тіркелуге жол берілмейді.

8.2.2. Құжаттарды қабылдау ҰТО сайтында жүзеге асырылады. Оқуға түсуші жеке деректерін толтырады. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша түсушілер құжаттарын жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына тапсырады. Докторантураға түсу үшін 1 (бір) ЖОО және 1 (бір) бір білім беру бағдарламасының тобын таңдайды, түсу емтиханын тапсыру орнын таңдайды.

8.2.3. ҰТО өңірлер бөлінісінде түсу емтихандарының кестесін қалыптастырады. Түсу емтихандарын өткізу бағдарламалары мен кестелері оқуға түсушілердің назарына түсу емтиханы басталғанға дейін 3 (үш) күн бұрын жеткізіледі.

8.2.4. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы түсу емтихандарының кестесін қалыптастырады. Түсу емтихандарын өткізу бағдарламалары мен кестелері оқуға түсушілердің назарына түсу емтиханы басталғанға дейін 3 (үш) күн бұрын жеткізіледі.

8.2.5. Докторантураға түсу емтиханы Аймақтық тестілеу орталығының базасында компьютерлік форматта өткізіледі.

8.2.6. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша докторантураға түсу емтиханы ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясы өткізеді.

8.2.7. Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат 20 минут (260 минут) бөлінеді, оның ішінде:- әңгімелесуге-20 минут; докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест - 50 минут; білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша эссе және емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға-190 минут (3 сағат 10 минут).

8.2.8. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша докторантураға түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, 3 сұрақтан тұратын емтихан билетіне жазбаша жауап береді.

8.2.9. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша түсу емтиханы үшін ең жоғары балл – 100 балл, оның ішінде эссе - 40 балл, бейіні бойынша емтихан – 60 балл.

8.2.10. Үміткерлер түсу емтиханын өз таңдауы бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тапсыра алады, бұл ретте емтиханның барлық блоктары таңдап алынған тілдердің бірінде болуы тиіс.

8.2.11. Эссе – бұл ғылыми білімнің тұжырымдамалары мен аналитикалық құралдарын қолдана отырып, өздігінен жүргізілген талдау негізінде қойылған мәселе бойынша авторлық ұстанымның дәлелді жазбаша мәлімдемесі.

Мақсаты-теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құру қабілетінде көрсетілген аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау.

Эссе түрлері: зерттеу іс-әрекетіне ынталандыру себептерін ашатын мотивациялық эссе, жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе, пән саласындағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

Эсседе графикалық нысандар, символдар мен формулалар болмауы керек. Эсседегі сөздердің ұсынылатын саны – 250-300.

8.2.12. Эссені бағалау мынадай критерийлерді негізге алу ұсынылады: теориялық білім негізінде тақырыпты ашудың тереңдігі мен толықтығы, дәлелдеменің қисындылығы, дәйектілігі мен дәлелділігі, баяндаудың композициялық тұтастығы, академиялық жазу деңгейі (лексика, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика).

8.2.13. Докторантурада оқуға дайындығын анықтау тесті логикалық және сыни ойлау деңгейін анықтайды. Тест тапсырмаларын ҰТО әзірлейді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 14-ші беті

8.2.14. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан 3 сұрақ блогын қамтиды, оның ішінде: 1-сұрақ теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін айқындайды; 2-сұрақ функционалдық құзыреттердің қалыптасу дәрежесін анықтайды; 3-сұрақ жүйелік құзыреттерді анықтауға бағытталған.

8.2.15. Бейіні бойынша берілген сұрақ жауаптарында арнайы белгі, сызба т.б. белгілер жазуға рұқсат етілмейді.

8.2.16. Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

8.2.17. Оқуға түсушілер түсу емтихандарының келесі күні түсу емтихандарының нәтижелерімен Жеке кабинеттегі хабарлама арқылы таныса алады.

8.2.18. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша оқуға түсушілер түсу емтихандарының нәтижелерімен келесі күні таныса алады.

8.3. Шетелдік азаматтарды докторантура бағдарламасына қабылдау

8.3.1. Шетелдік азаматтар докторантура бағдарламасына ақылы негізде магистр дәрежесі және кемінде 9 ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған шетелдік азаматтар қабылданады.

8.3.2. Шетелдік азаматтарды докторантураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

8.3.3. Түсу емтиханы эссе жазудан, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша жазбаша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

8.3.4. Түсу емтиханы үшін ең жоғары балл – 100 балл. Түсу емтиханының қорытындысы бойынша 75 балл жинаған шетелдік азаматтар оқуға қабылданады. Түсу емтиханы қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен емтихан бағдарламаларына сәйкес қабылданады.

8.3.5. Докторантураға түсуші шетелдік азаматтар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

- 1 университет басшысының атына еркін түрде өтінішті;
- 2 білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3 жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4 шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) *ағылшын тілі*: IELTS Academic (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 5,5; TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 46; TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг)) шекті балл – кемінде 453; *неміс тілі*: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хошшулцуган) (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун) (Niveau B2/B2 деңгейі); *француз тілі*: Test de Français International™ – Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue française – Диплом дэтиод ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française – Диплом Апрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), C1 деңгейі), Test de connaissance du français - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) – кемінде 50 балл).
- 5 №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/e нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 6 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 7 жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;
- 8 соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар, зерттеу жүргізу жоспары.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 15-ші беті

8.3.6. Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

8.3.7. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

9. Апелляция өткізу тәртібі

9.1. Докторантураға, резидентураға, магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасы/төрайымының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

9.2. Апелляцияға берілетін өтініштер түсу емтихандары мен КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

9.3. Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

1) тест тапсырмаларының мазмұны бойынша: дұрыс жауаптың жоқтығын негіздей отырып келіспеймін; дұрыс жауап жоқ; барлық ұсынылған жауаптардың ішінен біреуден артық дұрыс жауап бар;

2) техникалық себептер бойынша: тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің болмауы.

Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция берген кезде талапкер дәлелді негіздемені (толық түсініктеме) көрсетеді. Әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздемені көрсетпеген жағдайда апелляциялық өтініш қарауға жатпайды.

9.4. Сұхбаттасу емтихандары нәтижесінен кейін апелляцияға өтініштер қабылданбайды.

10. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау

10.1. Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық шәкіліге сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

10.2. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

10.3. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратура бағдарламасында білім алу үшін КТ бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

10.4. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін – кемінде 75 балл;

10.5. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін кемінде 50 балл;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 16-ші беті

10.6. Резидентураға ақылы негізде қабылдау білім беру бағдарламалары топтарының бейінінен түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

10.7. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

10.8. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда резидентураға қабылдау кезінде басым құқық дәрігерлік өтілі бар тұлғаға беріледі. Содан соң білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістікері:

ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар;

ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер;

ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар;

ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар және (немесе) дипломдар ескеріледі.

10.9. Докторантураға тұлғаларды қабылдау түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

10.10. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

10.11. Ақылы негізде докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

10.12. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан бойынша неғұрлым жоғары баға алған адамдар басым құқыққа ие болады.

10.13. Бейінді емтихан үшін көрсеткіштер бірдей болған жағдайда эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

10.14. Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте "кіруде" магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасы бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, игеру үшін пререквизиттер белгіленеді

10.15. Осы Ережеге сай оқуға қабылданған адамдарға бұрын меңгермеген негізгі пәндерді, яғни пререквизиттерді білім алушылар қатарына қабылданғаннан соң, ағымдағы жылы 1-қарашаға дейін ақылы негізде меңгерген жағдайда ғана магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға рұқсат беріледі.

10.16. Жоғары білімнен кейінгі білім беру «Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының құрылымы» МЖМС 5-қосымшасына сай магистратура түлектері теориялық оқудың 30 кредитін, соның ішінде негізгі пәндер циклінен 20 кредит, бейіндік пәндер циклінен 10 кредит меңгеруі қажет.

10.17. Бейіндік бағыт магистратурасын тәмамдаған түлек педагогикалық бейін бағдарламасын аяқтаған кезде негізгі дипломына қосымша тиісті куәлік беріледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 17-ші беті

11. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау

11.1. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер ЖЖОКБҰ-ға күнтізбелік жылғы 25 тамызға дейін:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) КТ және шет тілі бойынша түсу емтихандарының сертификатын немесе тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (бар болған жағдайда) (магистратура үшін);
- 4) түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (резидентура үшін);
- 5) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатын және білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (докторантура үшін);
- 6) еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);
- 7) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 8) алдын ала іріктеу нәтижелерін (Денсаулық сақтау (медицина) саласы бойынша докторантура үшін) тапсырады.

12 Ережеде қарастырылмаған мәселелерді шешу

Осы ережеде қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іске асырылады.

13 Өзгерістерді енгізу тәртібі

13.1. Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

13.2. СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша-2)

14 Келісу, сақтау және тарату

14.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу университет Басқару Кеңесі немесе Сенаты отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-088-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		20 беттің 18-ші беті

14.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі қабылдау комиссиясына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары электронды адресстер бойынша жіберіледі: Академиялық департаментке, Кәсіби бағдар бөліміне, факультет декандары, кафедра меңгерушілеріне.

14.3. Осы Университет Ережесінің бақылау данасы СДРСО-ға сақтауға беріледі.

14.4. Осы Университет Ережесі 2022 жылғы маусымның 17 күнгі Сенат мәжілісінде бекітілді, хаттама № 9.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э. Идрисова

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А. Ошибаева

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж. Дарибаев

Заң бөлімінің басшысы



Ғ. Мұсаханов

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы



Е. Төлегенов

